

Ересектердің темекі тұтынуы бойынша ғаламдық сауалнама

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ 2019

Қысқаша шолу
Екінші кезең



ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ
САҚТАНДЫРУ ЖОБАСЫ



ТҮЙІН

Әлемде темекі шегу жылына 8 миллионнан астам адамның өмірін қиып, мезгілсіз өлімнің негізгі себебіне айналып отыр.

7 миллионнан астам адам өлімі темекіні тікелей тұтырудан болса, 1,2 миллионға жуығы темекі шекпейтіндерге темекі түтінінің әсер етуі салдарынан болады. Қазақстан 2006 жылы ДДСҰ-ның Темекіге қарсы күрес жөніндегі негіздемелік конвенциясын ратификациялап, заңнамалық және басқа да шаралар арқылы адамдарды темекі түтінінен қорғау жөніндегі сектораралық шараларды жүзеге асыруға міндеттенді. Бұл шолуда Қазақстанда 2014 және 2019 жылдары өткізілген ересек тұрғындар арасындағы темекіні тұтыну туралы ғаламдық сауалнаманың негіздемелері, әдіснамасы, негізгі нәтижелері мен сауалнаманың екі кезеңінің қорытындылары ұсынылған. Толық сипаттама мен нәтижелер негізгі есепте келтірілген.

М А З М Ұ Н Ы

Кіріспе	4
<hr/>	
Әдістеме	5
<hr/>	
Негізгі нәтижелер	6
Темекі тұтыну	7
Қорқор	7
Қыздырылатын темекіден жасалған бұйымдар	8
Электронды сигарет	8
Темекіден бас тарту	8
Темекі түтінінің әсеріне ұшырау	10
Экономика	12
Бұқаралық ақпарат құралдары	12
Білім, көзқарас және қабылдау	13
GATS 2014-пен салыстырмалы түрдегі GATS 2019	14
<hr/>	
Қорытынды	18
<hr/>	
Библиография	22
<hr/>	

КІРІСПЕ

Әлемде темекі шегу жылына 8 миллионнан астам адамның өмірін қиып, мезгілсіз өлімнің негізгі себебіне айналып отыр. 7 миллионнан астам адам өлімі темекіні тікелей тұтынудан болса, 1,2 миллионға жуығы темекі шекпейтіндерге темекі түтінінің әсер етуі салдарынан болады (1,2). Ересектер арасында темекіні пайдалану бірқатар созылмалы аурулардың, соның ішінде қатерлі ісіктердің, тыныс алу органдарының және жүрек-қан тамырлары ауруларының негізгі қауіп факторы болып табылады. Темекі түтінінің әсері де денсаулыққа көп зиян келтіреді, тіпті өлімге әкеп соғуы да мүмкін (3).

Балалар темекі түтінінің әсеріне сезімтал келеді, бұл жедел респираторлық аурулардың, ортаңғы құлақ инфекцияларының, кенеттен болатын сәби өлімі синдромының және мінез-құлық бұзылыстарының пайда болу қаупін арттырады; сәл өскеннен кейін оларда жүрек аурулары мен түрлі ісік аурулары пайда болуы мүмкін (4). Сонымен қатар, созылмалы аурумен ауыратын темекі тұтынушылар немесе мерзімінен бұрын қайтыс болады, отбасыларын табыстан айырады, денсаулық сақтау жүйесінің шығындарын арттырады және экономикалық дамуды тежейді. Темекіні пайдаланудың жалпы экономикалық шығындары жаһандық деңгейде 1,4 триллион АҚШ долларына бағаланады және денсаулық сақтау шығындары мен жыл сайынғы еңбекке қабілеттіліктен айырылуды қамтиды, бұл әлемдегі жылдық жалпы ішкі өнімнің 1,8% - на тең (5).


2006 жылы Қазақстан Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) темекіге қарсы күрес жөніндегі Негіздемелік конвенциясын (ТҚНК) (6) ратификациялады және адамдарды темекі түтінінен қорғау жөніндегі сектораралық шараларды қабылдау міндеттемесін алды (7).

Қазақстанда GATS (2014 - 2019 жж.) екі сауалнамасы арасындағы кезеңге қолданыстағы темекіге қарсы күрес саласындағы заңнама белгілі бір жабық қоғамдық орындарда темекі шегуге ішінара тыйым салуды; темекі өнімдерін сатудың ең төменгі жасын (18 жас); темекі өнімдерін буып-түюге және таңбалауға қойылатын талаптарды (темекі қаптамаларының

алдыңғы және артқы бөліктерінің 50% - ын қамтитын денсаулыққа зиян туралы графикалық ескертулермен), темекі бұйымдарын жарнамалауға, сатуды ынталандыруға және демеушілікке ішінара тыйым салуды; ережесін бұзғаны үшін жеке және заңды тұлғаларға салынатын айыппұлдың мөлшерін жыл сайын арттыру; темекі қорабының ең төменгі бөлшек сауда бағасын және темекі өнімдеріне акциздік алымды жыл сайын арттыруды көздейді. Толық ақпаратты басқа жерден табуға болады (7-12).

Қазақстанда темекіге қарсы іс-шаралар Қазақстан Республикасының денсаулық сақтауды дамытудың Мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде жүзеге асырылады, олар әр бес жылда бір рет қаралып отырады (жаңа 2020-2025 жж.) және мінез-құлық қауіп факторлары мен жұқпалы емес аурулардың алдын алу мен бақылаудың басым бағыттарын белгілейді (13-14).

Темекі тұтынудың ауқымы мен сипатын және темекіге қарсы саясаттың іске асырылу деңгейін бағалау үшін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі темекіні тұтынудың жүйелі мониторингін жүргізеді және темекіге қарсы күрес жөніндегі қолданыстағы іс-шараларды бағалау және елдің ДДСҰ ТҚНК алдындағы міндеттемелері шеңберінде темекіге қарсы саясатты одан әрі нығайту үшін қажетті темекіге қарсы күрестің негізгі көрсеткіштерін бақылайды.



Ә Д І С Т Е М Е

Ересектердің темекі тұтынуы бойынша ғаламдық сауалнама (GATS) – бұл 15 жастағы және одан асқан ересектерден жауап алынатын, барлық елдер үшін жүйелі және стандартты хаттамалар пайдаланылатын, ұлттық және халықаралық деңгейде салыстыру жүргізуге мүмкіндік беретін үй шаруашылықтарының ұлттық репрезентативті зерттеуі. Аталған зерттеудің мақсаты сауалнама, іріктеу құрылымы, сондай-ақ деректерді жинау және өңдеу рәсімдерін қамтитын стандартталған хаттаманы пайдалана отырып, темекіні тұтыну және темекіге қарсы күрестің негізгі көрсеткіштерінің мониторингін жасау болып табылады.

GATS 2019 – бұл зерттеудің екінші кезеңі, алғашқы зерттеу Қазақстанда 2014 жылы жүргізілді (15). 2019 жылғы сауалнамада үш сатылы, географиялық стратификацияланған іріктеу құрылымы қолданылды. 11 501 үй шаруашылығы Қазақстан Республикасының Тұрғын үй қоры тіркелімінен іріктелген 371 елді мекеннің ішінен кездейсоқ таңдап алынды. Жалпы сауалнамадан 10 677 адам өтті, 5314 қала тұрғыны және 5363 ауыл тұрғыны; 4791 ер адам және 5886 әйел адам өтті. Жауаптардың жалпы деңгейі 95,5% құрады.

Зерттеу барысында сауалнамаға қатысушылардың негізгі сипаттамалары, темекіні тұтыну (темекі шегу, түтінсіз, қыздырылған темекіден жасалған бұйымдар, никотинді жеткізудің электрондық жүйелерін пайдалану), темекіні пайдаланудан бас тарту, темекі түтінінің әсеріне ұшырау, экономика, бұқаралық ақпарат құралдары, сондай-ақ темекіні тұтынумен байланысты аспектілерді білу, көзқарас және қабылдау туралы ақпарат

жиналды. Деректерді оқытылған сұхбат алушылар Android ОЖ-де планшеттерді қолдана отырып, жеке сауалнама арқылы жинады. Деректерді жіберу және біріктіру үшін электронды деректерді басқару жүйесі қолданылды.

GATS 2019-ды Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің басшылығымен екі ұйым: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Ақпараттық-есептеу орталығы жүргізді. Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы GATS-тің жалпы іске асырылуына жауап берді, ал Ақпараттық-есептеу орталығы деректерді іріктеу, жинау және электронды түрде жинақтау ісіне жауапты болды.

Қаржылық қолдауды Bloomberg-тің темекі тұтынуы азайту бастамасымен Bloomberg Philanthropies бағдарламасы және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Дүниежүзілік Банктің 2019 жылғы 22 ақпандағы № SHIP-2.1 / CS-05 «Денсаулық сақтауды институционалдық дамыту, инфекциялық емес аурулардың мониторингі және оларды басқару бойынша консультативтік қызметтер» келісім-шартын іске асыру шеңберінде «Әлеуметтік-медициналық сақтандыру» жобасы аясында ұсынды.

АҚШ ауруларды бақылау және алдын алу орталықтары (CDC), Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) және RTI International техникалық көмек көрсетті. Бағдарлама CDC Foundation тарапынан қолдау тапты.



Негізгі нәтижелер



Жалпы ересек тұрғындардың **21,5%** (2,8 млн) (ерлердің 38,3% -ы және әйелдердің 6,4%) **қазіргі кезде темекінің** кез-келген түрін қолданатындығын хабарлады (темекі шегу, түтінсіз темекі және/немесе қыздырылған темекіден жасалған бұйымдары), Қазақстан, 2019 жылы

Темекі тұтыну

2019 жылы Қазақстанда 15 және одан жоғары жастағы ересек тұрғындардың 21,5% (2,8 млн) (ерлердің 38,3% -ы және әйелдердің 6,4%) қазіргі кезде темекінің кез-келген түрін қолданатындығын хабарлады (темекі шегу, түтінсіз темекі және/немесе қыздырылған темекіден жасалған бұйымдары) (ҚЕ.1 кестесі).

Жалпы қазіргі уақытта темекі шегетін ересек тұрғындардың 20,4% (2,7 млн), ерлердің 36,5% және әйелдердің 6,0%; ересектердің 17,1% күнделікті темекі шегеді. 15-24 жас аралығындағы әрбір оныншы (9,6%) адам темекі шеккен. Күнделікті темекі шегетіндердің 57,5% -ы ояңғаннан кейінгі алғашқы 30 минут ішінде темекі шегетіндігін хабарлады. Күнделікті темекі шегушілердің күніне орта есеппен тартатын темекілерінің саны ер адамдарда 15,9, әйелдер үшін 12,6 болды. Темекі шеккендердің арасында темекі шегуді бастаудың орташа жасы 17,7 жасты құрады, жынысы мен тұрғылықты жері бойынша айтарлықтай айырмашылықтар жоқ.

Жалпы, 15 және одан жоғары жастағы ересек тұрғындардың 1,4% - ы түтінсіз темекі өнімдерін пайдаланатынын хабарлады.

Қорқор

Жалпы, 15 және одан жоғары жастағы ересек тұрғындардың 1,2% - ы қазіргі уақытта темекімен қорқор шегетіні анықталды (ҚЕ.1 кестесі). Қорқор шегудің соңғы сеансының орташа ұзақтығы 51,9 минутты құрады. Олардың 86,5% - ы бір түтікті ортақ қолданды. Қазіргі қорқор шегушілердің 40,2% - ының соңғы қорқор шеккен орыны кальян барында, 24,3% - ы кафелерде немесе мейрамханаларда, 16,1% - ы

барларда немесе түнгі клубтарда және 12,8% - ы үйде болғанын атап өтті.

Қыздырылатын темекіден жасалған бұйымдар

Жалпы 15 және одан жоғары жастағы ересектердің 24,8%-ы қыздырылған темекіден жасалған өнімдері туралы бұрын-соңды естіген, ал 3,9%-ы оларды тұтынған. Жалпы, ересектердің 1,0% - ы қыздырылған темекіден жасалған бұйымдардың қазіргі тұтынушылары болып шықты (ҚЕ.1 кестесі). Қыздырылған темекіден жасалған бұйымдарды тұтынудың негізгі себептері мыналар: қолданғанды ұнатады (75,7%); темекі шегуге қайта оралудан бас тарту (75,3%); бұл темекі шегуге қарағанда аса зиянды емес деген сенім (72,8%); темекі шегуге тыйым салынған жерде осы өнімдерді пайдалану мүмкіндігі (67,1%); оның хош иісін ұнатушылар (65,5%).

Электронды сигарет

Жалпы, 15 және одан жоғары жастағы ересектердің 47,8%-ы электронды сигарет туралы естіген, ал 8,5% - ы электронды сигарет қолданған. Жалпы алғанда, ересектердің 1,3% - ы қазіргі уақытта электронды сигаретті қолданды (ҚЕ.1 кестесі). Қазіргі қолданушылар атап өткен электронды сигаретті қолданудың негізгі себептері мыналар: хош иісі үшін (75,6%); темекі шегуден гөрі зиянды емес деп санайды (72,7%); тұтынуды ұнатады (68,3%).

Темекіден бас тарту

Жалпы, темекі шегушілердің 32,1% - ы (қазіргі темекі шегушілер мен соңғы 12 айда темекіні тастаған бұрынғы темекі шегушілер) темекіні тастауға тырысты (ҚЕ.1 кестесі). Соңғы 12 айда денсаулық сақтау ұйымдарына барған темекі шегушілердің ішінде олардың тек жартысынан (57,9%) темекі шегудің жай-күйі туралы сұралған, темекі шегушілердің тек 36,0% -ы темекіні тастауға кеңес алды (ерлердің 40,2% -ы және әйелдердің 23,2%-ы).

Соңғы 12 айда темекі шегуден бас тартуға тырысқан темекі шегушілердің 79,1% -ы ешқандай көмек көрсетпестен тырысқан. 14,0% - ы арнайы дәрі-дәрмектерді (никотинді алмастыратын терапия немесе басқа тағайындалған дәрі-дәрмектер) пайдаланып темекіні тастауға тырысты, 7,8% - ы электронды темекіге және 6,8% - ы қыздырылған темекіден жасалған бұйымдарға ауысуға тырысты. Қазіргі темекі шегушілердің 35,2%-ы темекіні тастауға мүлдем қызығушылық танытпады, 38,5% - ы темекіні тастауды жоспарлап отырғанын айтты, бірақ келесі 12 айда емес, ал темекі шегушілердің 18,2% - ы келесі 12 айда темекіні тастауды жоспарлап отырғанын айтты.


Жақында темекі шегуден бас тартқандар арасында темекі шегуден бас тартудың негізгі себептері олардың денсаулығына алаңдауы (92,4%) және темекі шегудің басқаларға тигізетін әсеріне алаңдаушылық (65,1%) болды. 39,0%-ы темекіні тастауға себеп ретінде темекінің бағасын атады.



соңғы 12 айда
темекі шегушілердің

32,1% - ы

темекіні
тастауға тырысты



Жалпы ересек тұрғындардың **9,1%** -ы темекі түтінінің әсеріне үйде ұшырағанын хабарлады.

Темекі түтінінің әсеріне ұшырау

2019 жылы жабық ғимаратта жұмыс істейтін 15 және одан жоғары жастағы барлық ересектердің 11,4% - ы жұмыс орнында темекі түтінінің әсеріне ұшырады (ерлердің 14,6% - ы және әйелдердің 7,8% - ы) (ҚЕ.1 кестесі). 15-тен 24 жасқа дейінгі топтың 15,6%-ы жұмыс орнында темекі түтінінің әсеріне ұшыраған.

Жалпы ересек тұрғындардың 9,1% -ы темекі түтінінің әсеріне үйде ұшырағанын хабарлады. Қалаларда темекі түтінінің таралуы ауылдық жерлерге қарағанда жоғары болды (12,2% қарсы 4,6%). Қала және ауылдық жерлер тұрғындарының арасында үйде темекі түтінінің әсеріне ұшыраудың таралуы сәйкесінше 12,2% және 4,6% құрады.

Темекі шекпейтіндер арасында сауалнамаға қатысушылардың 4,9% -ы соңғы 30 күнде үйде темекі түтінінің әсеріне ұшырағанын хабарлады, әйелдер арасында бұл көрсеткіш ерлерге қарағанда жоғары (5,6%) ерлерде (3,7%).

Жалпы, соңғы 30 күнде әртүрлі қоғамдық орындарға барған 15 және одан жоғары жастағы ересектер арасында темекі түтінінің әсеріне ұшырау келесідей болды: мектептерде 1,2%, медициналық мекемелерде 2,8%, мемлекеттік ұйымдарда 4,9%, колледждер мен университеттерде 5,4%, қоғамдық көліктерде 9,0%, таксиде 18,3%, кафелерде, кофеханаларда немесе шайханаларда 21,6%, мейрамханаларда 24,3% және барлар мен түнгі клубтарда 78,3% (ҚЕ.1 кестесі). Кальян түтінінің әсері туралы соңғы 30 күн ішінде кафелерге, кофеханаларға және шай үйлеріне барған ересектердің 14,7% - ы, мейрамханаларға келгендердің 15,5% - ы және барлар мен түнгі клубтарға баратындардың 71,5% - ы хабарлады. Сонымен қатар, электронды сигарет аэрозолының әсері туралы соңғы 30 күн ішінде 3,8% мейрамханаларда, 3,7% кафелерде, кофеханаларда және шайханаларда, 5,6% барлар мен түнгі клубтарда болған ересектер хабарлады. Темекі өнімдерінің аэрозольмен әсер етуі мейрамханаларда 2,1%, кафелерде, кофеханалар мен шайханаларда 2,1%, барлар мен түнгі клубтарда 3,3% болды.





Экономика

Жалпы, қазіргі өнеркәсіпте өндірілген темекіні шегушілердің 84,7% – ы соңғы рет темекіні дүкеннен және 8,4% - ы базарлардан сатып алған.

Ең жиі сатып алынатын бес темекі маркалары: LD (19,5%), L&M (13,1%), Parliament (10,9%), Bond (10,1%) және Winston (8,6%). Орташа алғанда, қазіргі темекі шегушілер 20 темекіден тұратын қорапты сатып алуға 428 теңге жұмсады. Қазіргі өнеркәсіпте өндірілген темекіні шегушілер арасындағы темекіге жұмсалатын орташа айлық шығыстар 8897,4 теңгені құрады (ҚЕ.1 кестесі).

Соңғы 30 күнде қыздырылған темекіден жасалған бұйымдарды қазіргі тұтынушылардың 56,6% - ы оларға 1001 теңгеден 10 000 теңгеге дейін жұмсады. Соңғы 30 күнде қазіргі электронды сигареттерді қолданушылардың 53,7% - ы электронды сигареттерге 1001 теңгеден 6 000 теңгеге дейін жұмсады.

Соңғы темекіні сатып алу кезінде қазіргі темекі шегушілердің 99,0% - ы фильтрлі темекіні сатып алды, ал қазіргі темекі шегушілердің 75,8% - ы сатып алынған темекілердің «жеңіл», «жұмсақ» немесе «төмен шайырлы»деп белгіленгенін атап өтті. Жалпы, қазіргі темекі шегушілердің 3,0% - ы темекіні бір даналап сатып алған.

Жалпы, қазіргі темекі шегушілердің 14,9% - ы соңғы 6 ай ішінде темекіге жұмсалған ақша олардың негізгі қажетті заттарына қаражаттарының жетіспеуіне әкелетінін хабарлады¹.

Бұқаралық ақпарат құралдары

Жалпы, ересектердің 61,8% - ы соңғы 30 күнде әртүрлі жерлерде темекі шегуге қарсы бағытталған ақпаратты байқады (ҚЕ.1 кестесі). Барлық ересектердің жартысына жуығы (49,2%) теледидарда немесе радиода темекі шегудің зияны туралы ақпаратты, 38,2% интернетте және әлеуметтік желілерде және 30,6% темекі сататын дүкендерден байқаған.

Жалпы, қазіргі темекі шегушілердің 86,5%-ы темекі қораптарында темекі шегудің денсаулыққа зияны туралы ескертулерді байқады, ал 34,4% - ы ескертулеріне байланысты темекіні тастау туралы ойлады.

Ересектердің 14,6% – ы темекі сататын дүкендерде темекі шегетін өнімдердің жарнамасын, ал 14,0% - ы интернетте және әлеуметтік желілерде соңғы 30 күнде байқады. Электронды сигарет немесе қыздырылған темекіден жасалған өнімдер жарнамасын ересектердің 10,4% – ы интернет және әлеуметтік желілерден, ал 6,7% - ы темекі сатылатын дүкендерде байқады.

Барлық ересектердің 35,8%-ы темекі жарнамасын, темекі өнімдерінің демеушілігін немесе насихатталуын, электронды сигарет және қыздырылған темекіден жасалған өнімдерін, ал ересектердің жалпы 21,3% -ы дүкендегі темекі жарнамаларын немесе темекі сатылымын ілгерілетуді байқады.

¹ Темекіге ақшаны ысырап етудің нәтижесінде адамдар азық-түлік сияқты алғашқы қажеттіліктеріне ақша жетіспейтіні туралы хабарлады.

Барлық ересектердің **86,7%** - ы темекі шегу ауыр сырқаттар тудырады деп санаған

Білім, көзқарас және қабылдау

Жалпы, 15 және одан жоғары жастағы барлық ересектердің 86,7% - ы темекі шегу ауыр сырқаттарды тудырады деп санаған (ерлердің 84,8% және әйелдердің 90,0%) (ҚЕ.1 кестесі). Қазіргі темекі шегушілердің арасында 78,9%-ы темекі шекпейтіндер арасындағы 89,8% - бен салыстырғанда осылай деп есептейді.

Жалпы, ересектердің 70,0% - ы (темекі шегушілердің 54,9% - ы және темекі шекпейтіндердің 73,9% - ы) темекі түтіні темекі шекпейтіндерде ауыр сырқат тудырады деп санаған (ерлер арасында 66,2% және әйелдер арасында 73,5%).

Ересектердің 62,2%-ы темекімен қорқор шегу ауруға шалдықтырады деп санаса, 56,4%-ы оның тәуелділікке әкелетінін біледі. Тұтастай алғанда, 72,2%-ы түтінсіз темекіні шегу ауыр дертке ұшыратады деп санайды.

Барлық ересектердің 59,1% -ы электронды сигарет тәуелді етеді деп санайды, ал 20,2% -ы қарапайым темекіге қарағанда электронды сигарет аса зиянды емес деп есептейді. Қыздырылған темекіден жасалған бұйымдар жайлы бұрын-соңды естіген ересек тұрғындардың 67,6% -ы бұл өнімдердің тәуелді ететінін білді және 21,1% -ы олардың әдеттегі темекіге қарағанда зияны аз деп санады.

Ересектердің 73,4% - ы барлық жабық жұмыс орындарында және қоғамдық орындарда темекі шегуге тыйым салатын заңды қолдайды; 65,7%-ы темекі өнімдеріне салынатын салықтың өсуін қолдайды; 84,1%-ы темекі жарнамасы мен демеушілікке толық тыйым салуды қолдайды; 81,9% сауда нүктелерінде темекі өнімдерін көрсетуге тыйым салуды қолдайды; 62,3% темекіге арналған қарапайым/стандартталған қаптаманы енгізуді қолдайды; және 95,9% мектептерден 100 метр радиуста темекі өнімдерін сатуға тыйым салуды қолдайды.

GATS 2014-пен салыстырмалы түрдегі GATS 2019²

- Қазақстанда темекіні тұтынудың жалпы таралуы (темекі шегу, түтінсіз, қыздырылған темекі өнімдері³) 2014-2019 жылдар аралығында айтарлықтай өзгерген жоқ, сәйкесінше 22,9% -дан 21,5% -ға дейін. 2014 жылдан 2019 жылға дейінгі кезеңде ерлер арасындағы темекі тұтыну 43,4% -дан 38,3% -ға дейін (салыстырмалы төмендеу 11,8% -ға) айтарлықтай төмендеді және әйелдер арасында 4,5% -дан 6,4%-ға дейін айтарлықтай өсті (салыстырмалы өсім 42,3%).
- Қазіргі темекі шегудің таралуы 2014 жылғы 22,4% - дан 2019 жылы 20,4% - ға дейін айтарлықтай төмендеді (салыстырмалы түрде 8,9% - ға төмендеді). Қазіргі темекі шегудің таралуының айтарлықтай төмендеуі ерлерде – 2014 жылғы 42,4% - дан 2019 жылы 36,5% - ға дейін (салыстырмалы түрде 13,9% - ға), ал әйелдерде таралуы статистикалық маңызды айырмашылықтарсыз 2014 жылғы 4,5% - дан 2019 жылы 6,0% - ға дейін өскені байқалды (салыстырмалы түрде 33,1% - ға өсті).
- Күнделікті темекі шегушілердің күніне шегетін темекі саны айтарлықтай өзгерген жоқ (2014 жылы - 14,9, 2019 жылы - 15,4).
- 20-34 жас аралығындағы күнделікті темекі шегушілер арасында күнделікті темекі шегудің басталуының орташа жасы 2014 жылы 18,6-дан 2019 жылы 19,8-ге дейін айтарлықтай өсті (салыстырмалы өсім 6,4%).

2 MPOWER - GATS Kazakhstan, 2014 және 2019 жиынтық көрсеткіштері ҚЕ.2 кестесінде] келтірілген.

3 Темекі қыздыру өнімдерін пайдалану сауалнамаға 2014 жылы емес, 2019 жылы енгізілді.

әйелдер арасында қазіргі темекі тұтыну салыстырмалы түрде

42,3% - ға өсті

- Ересек тұрғындар арасында бұрынғы күнделікті темекі шегушілердің үлесі 2014 жылы 3,1% -дан 2019 жылы 5,1% -ға дейін (салыстырмалы өзгеріс 64,1%) өсті және темекіні тастауға тырысқан 15 және одан жоғары жастағы темекі шегушілердің үлесі сәл өзгерді (2014 жылы 29,5% және 2019 жылы 32,1%). Алайда денсаулық сақтау мамандарынан темекі шегуден бас тарту туралы кеңес алған темекі шегушілердің жалпы пайызы айтарлықтай төмендеп, 2014 жылғы 46,6% -дан 2019 жылы 36,0% -ға дейін төмендеді.
- Үй жағдайында темекі түтінінің әсеріне ұшырағандардың деңгейі айтарлықтай төмендеді – 2014 жылғы 13,8% - дан 2019 жылы 9,1% - ға дейін (салыстырмалы төмендеу 34,4%). Жабық ғимараттарда жұмыс істеген ересектер арасында жұмыс орнындағы темекі түтінінің әсерінің айтарлықтай төмендеуі байқалды – 2014 жылғы 19,0% - дан 2019 жылы 11,4% - ға дейін (40,2% - ға салыстырмалы төмендеу).
- Соңғы 30 күн ішінде әртүрлі қоғамдық орындарға барғандардың арасында темекі түтінінің әсері 2014 жылдан 2019 жылға дейін келесідей төмендеді: мемлекеттік ұйымдарда 9,9% - дан 4,9% - ға дейін; медициналық мекемелерде 9,7% - дан 2,8% - ға дейін; қоғамдық көліктерде 18,1% - дан 9,0% - ға дейін; колледждер мен университеттерде 24,1% - дан 5,4% - ға дейін; мектептерде 7,8% - дан 1,2% - ға. Алайда, барлар мен түнгі клубтарға баратындардың арасында темекі түтінінің әсері 70,4% - дан 78,3% - ға дейін өсті, ал мейрамханаларға келгендер арасында шамалы өзгеріс байқалды (2014 жылы 27,6%, 2019 жылы 24,3%).
- Қазіргі темекі шегушілердің өнеркәсіпте өндірілген 20 сигаретті сатып алуға жұмсаған орташа сомасы 2014⁴ жылғы 346,3 теңгеден 2019 жылы 428 теңгеге дейін ұлғайды (салыстырмалы түрде 23,6% - ға

4 Өнеркәсіпте өндірілген темекінің қазіргі шегушілері арасында есептелді. 6 Шығындар туралы GATS Қазақстан 2014 зерттеулерінің деректері Халықаралық валюта қорының «Әлемдік экономиканың даму перспективалары» деректер базасынан (2019 жылғы қазан) орташа тұтыну бағалары үшін инфляция индексі пайдалана отырып, 2019 жылмен тікелей салыстыру мақсатында инфляцияны ескере отырып түзетілді.





өсті). Қазіргі темекі шегушілердің өнеркәсіпте өндірілген темекіге айда жұмсаған орташа сомасы 2014 жылғы 6637,6 теңгеден 2019 жылы 8897,4 теңгеге дейін (салыстырмалы түрде 34,0% - ға) өсті.

- 2014 жылдан 2019 жылға дейін темекі шегуге қарсы ақпаратты теледидардан байқаған ересектердің үлесі 33,2% -дан 48,7% -ға дейін, билбордтарда - 20,7% -дан 26,7% -ға дейін; басқа жерлерде (газет, теледидар, радио және билбордтарды қоса алғанда) - 46,7% -дан 54,6% -ға дейін өсті.
- Қазіргі темекі шегушілердің темекі қораптарындағы денсаулыққа қатысты ескертулерді байқаған пайызы 2014 жылғы 94,8% -дан 2019 жылы 86,5% -ға дейін айтарлықтай төмендеді. Темекі қораптарындағы ескертулеріне қарап темекі тартудан бас тарту туралы ойлаған қазіргі темекі шегушілердің үлесі 2014 жылғы 51,3% -дан 2019 жылы 34,4% -ға дейін (салыстырмалы түрде 32,9% -ға төмендеу) төмендеді.
- Жалпы, дүкендерде темекі өнімдерін сатудың кез-келген жарнамасын немесе темекі сатылымын ілгерілетуді байқаған ересектердің пайызы айтарлықтай өсті, 2014 жылғы 15,4% -дан 2019 жылы 21,3% -ға (салыстырмалы түрде 38,0%).
- Соңғы 30 күнде темекі мен темекі өнімдерінің қандай да бір жарнамасын, сатылымын ілгерілету немесе демеушілігін байқаған ересек тұрғындардың үлесі 2014 жылғы 25,7% -дан 2019 жылы 35,8% -ға дейін (салыстырмалы өсім 39,4%) едәуір өсті.
- Темекі шегудің ауыр сырқат тудырады деп санайтын ересектердің үлесі 2014 жылғы 84,9% -дан 2019 жылы 87,6% -ға дейін едәуір өсті.
- Темекі түтіні темекі шекпейтіндерде ауыр сырқат тудырады деп санайтын ересектердің үлесі 2014 жылғы 74,0% - бен салыстырғанда 2019 жылы 70,0% - ға дейін төмендеді (салыстырмалы түрде 5,4% - ға төмендеді).

Темекі шегудің ауыр сырқат тудырады деп санаған ересектердің үлесі әжептәуір өскен



84,9%

2014

87,6%

2019

Қорытынды⁵

GATS 2019 нәтижелерін темекіге қарсы күрес бойынша қабылданған шаралардың тиімділігін бағалау, орын алған кемшіліктерді анықтау, бақылау шараларын одан әрі күшейту және елде темекіні пайдалануға байланысты өлім-жітім мен сырқаттанушылықты азайту жөніндегі стратегиялық жоспарларды әзірлеуге жәрдемдесу үшін саясатты айқындайтын тұлғалар мен Қазақстан Республикасындағы темекіні бақылау жөніндегі сарапшылар пайдалана алады.

2019 жылы ерлердің 38,3% - ы және әйелдердің 6,4% - ы темекінің (шылым шегетін, түтінсіз, қыздырылған темекіден жасалған бұйымдары) қазіргі тұтынушылары болып табылды. 2014 жылдан бастап 2019 жылға дейінгі кезеңде қазіргі темекі тұтынудың жалпы таралуында елеулі өзгерістер байқалмады (21,5% - бен салыстырғанда 22,9%). Дегенмен, ерлер арасында қазіргі темекі тұтынудың айтарлықтай төмендеуі (2014 жылғы 43,4% - дан 2019 жылы 38,3% - ға дейін) және әйелдер арасында айтарлықтай ұлғаю (2014 жылғы 4,5% - дан 2019 жылы 6,4% - ға дейін) байқалды.

Жабық қоғамдық орындарда темекі шегуге тыйым салуды қатаң сақтау шаралары 2014 жылдан 2019 жылға дейін әр түрлі қоғамдық орындарда, соның ішінде жұмыс орындары мен қоғамдық көліктерде темекі түтінінің әсерін едәуір төмендетуге әкелді. Алайда, мейрамханаларға (27,6% - дан 24,3% - ға дейін) келгендер арасында темекі түтінінің әсеріне ұшырау бойынша аздаған өзгеріс және барлар мен түнгі клубтарға (70,4% - дан 78,3% - ға дейін) келгендер арасында айтарлықтай өсу байқалды.

5 Осы ақпараттық парақтың нәтижелері мен қорытындыларын автор (авторлар) жасайды және АҚШ-тың ауруларды бақылау және алдын алу орталықтарының ресми позициясын білдіруді міндеттемейді.

Денсаулық сақтау жүйесінің әртүрлі деңгейлерінде интеграцияланған темекіні пайдаланудан бас тарту жөніндегі тиімді шаралар темекі өнімдерін пайдалануды табысты тоқтату ықтималдығын арттыруға бағытталған. Дегенмен, Қазақстанда соңғы 12 айда медициналық ұйымның сапары кезінде темекіні тастау ұсынылған шылым шегушілердің жалпы үлесі уақыт өте келе төмендеді (2014 жылғы 46,6% - дан 2019 жылы 36,0% - ға дейін).

Темекі қораптарына орналастырылған темекі шегудің денсаулыққа зияны туралы үлкен (65% және одан жоғары) мәтіндік және графикалық ескертулер темекі шегудің денсаулыққа зияны туралы ақпаратты берудің тиімді әдісі болып табылады және тұтынушыларды темекіні тастауға итермелейді (16). 2019 жылы қазіргі темекі шегушілердің 86,5% - ы темекі қорабындағы денсаулыққа зиянды ескерту суреттерін байқады (олар темекі қорабының бетінің 50% алады). Ескерту суреттеріне байланысты темекіні тастау туралы ойлаған қазіргі темекі шегушілердің үлесі айтарлықтай төмендеді: 2014 жылғы 51,3%-дан 2019 жылы 34,4% - ға дейін. Бұл суреттердің үйреншікті суреттер ретінде қабылдануы мүмкін екендігін білдіреді.

Темекі өнімдерінің сатылымын ілгерілету және жарнамалау олардың әлеуметтік қолайлылығын арттырады және халықтың темекі тұтынудың зияны туралы хабардар болуын арттыру жөніндегі күш-жігерге кедергі келтіреді (17,18). Жалпы, 2019 жылы ересектердің 21,3%-ы дүкендерде темекі өнімдерінің кез-келген жарнамасын немесе темекі сатылымын ілгерілетуді байқады, бұл 2014 жылғы деңгейден едәуір асады (15,4%). Темекі өнімдерінің жарнамасын, темекі сатылымын ілгерілетуді және демеушілігін байқаған ересектердің үлесі 2014 жылғы 25,7%-дан 2019 жылы 35,8% - ға дейін өсті. Осылайша, темекі өнімдерін жылжыту мен жарнамалау көлемінің артуы темекі шекпейтіндердің, әсіресе жастар мен әйелдердің оларды тұтыну ықтималдығын арттырады (19,20).

Инфляцияны ескере отырып, 20 темекінің орташа құны 2014 жылғы 346,3 теңгеден 2019 жылы 428,0 теңгеге дейін өсті. Бұған Қазақстан үкіметінің бір қорап темекі мен акциздік салықтың ең төменгі бөлшек сауда бағасын жыл сайын көтеруі есебінен қол жеткізілді. Бағаның өсуіне қарамастан, Қазақстанда темекі өнімдері қол жетімді болып қалуда. Темекі өнімдеріне бағаның айтарлықтай өсуі, әсіресе жастар арасында темекі тұтынуды азайту және бастаманың алдын-алу бойынша ең тиімді шара болып табылады (21). Темекі бағасының одан әрі көтерілуін халықтың басым бөлігі қолдайды (65,7%).

КЕ.1 кестесі MPOWER-дің қорытынды көрсеткіштері – GATS Қазақстан, 2019.

Көрсеткіш	Жынысы			Тұрғылықты жері	
	Барлық ересектер (%)	Ерлер (%)	Әйелдер (%)	Қалалық жерде (%)	Ауылдық жерде (%)
M: Темекі тұтынудың және оның алдын-алу саясатын бақылау					
Қазіргі темекі тұтынушылар (шегетін, түгінсіз және/немесе қыздырылатын темекіден жасалған бұйымдар)	21.5	38.3	6.4	23.8	18.1
Қазіргі темекі шегетіндер	20.4	36.5	6.0	22.8	16.9
Қазіргі сигарет шегетіндер	19.9	35.7	5.7	22.3	16.4
Қазіргі өндірістік сигарет шегетіндер	19.8	35.5	5.7	22.2	16.3
Қазіргі түгінсіз темекі тұтынушылар	1.4	2.7	0.1	1.1	1.8
Қазіргі қыздырылатын темекіден жасалған бұйымдардың тұтынушылары	1.0	1.4	0.6	1.5	0.3
Күніне шегілетін темекінің орташа саны ^a	15.4	15.9	12.6	15.2	16.0
Күнделікті темекі шегуді бастаудың орташа жасы (жыл) ^b	19.8	19.7	20.2	19.8	19.8
Бір кездері күнделікті темекі шеккендер арасындағы бұрынғы темекі шегушілер	21.7	20.4	28.3	22.0	21.0
Қазіргі электронды сигарет тұтынушылар	1.3	2.0	0.6	1.7	0.8
P: Адамдарды темекі түтінінен қорғау					
Үйдегі темекі түтінінің әсері, кем дегенде айына 1 рет	9.1	10.5	7.8	12.2	4.6
Жұмыс орнындағы темекі түтінінің әсері ^c	11.4	14.6	7.8	11.7	10.8
Қоғамдық орындардағы темекі түтінінің әсері: ^{c,d}					
Мемлекеттік ұйымдар/кеңселер	4.9	5.8	4.1	4.1	5.9
Денсаулық сақтау ұйымдары	2.8	3.9	2.3	2.4	3.5
Мейрамханалар	24.3	26.7	22.2	29.0	17.3
Барлар немесе түнгі клубтар	78.3	78.3	78.4	79.3	75.0
Кафе, кофехана немесе шайханалар	21.6	23.6	19.8	24.8	13.9
Қоғамдық көлік	9.0	9.3	8.9	10.1	6.1
Такси	18.3	21.8	15.9	18.3	18.3
O: Темекіні пайдаланудан бас тартуға көмек көрсету					
Соңғы 12 ай ішінде темекі шегуден бас тартуға әрекет жасады ^e	32.1	31.1	37.5	30.8	34.7
Медицина қызметкерінен темекіні тастау туралы кеңес алды ^{e,f}	36.0	40.2	23.2	35.1	39.3
Темекіні тастаудың арнайы әдістері арқылы темекіні тастауға тырысты . ^e					
Фармакотерапия	14.0	12.0	22.9	15.9	10.6
Кеңес/ұсыныс	7.1	7.1	7.0	7.3	6.7
Болашақта темекі шегуден бас тартуға ниетті ^g	56.7	56.1	60.3	56.4	57.5
W: Темекімен байланысты қауіптер туралы ескерту					
Темекі шегу ауыр аурулар тудырады деп санайтындар	87.6	84.8	90.0	87.9	87.0
Темекі шегу инсульт, инфаркт және өкпе қатерлі ісігін тудырады деп санайтындар	71.2	68.4	73.8	69.2	74.2
Темекі түтінінің әсері темекі шекпейтіндерде ауыр ауруларды тудырады деп санайтындар	70.0	66.2	73.5	68.1	72.8
Темекі шегуге қарсы ақпаратты кез-келген жерден байқады ^h	61.8	60.6	62.8	64.7	57.4
Темекі қораптарындағы ескертулерге байланысты темекі шегуді тоқтату туралы ойланды . ^{h,i}	34.4	33.7	38.3	32.9	37.5
E: Темекі тұтынуға арналған жарнамаға, сатуды ынталандыруға және демеушілікке салынған тыйымдардың сақталуын қамтамасыз ету					
Темекі сатылатын дүкендерде темекі өнімдерін шегуге арналған жарнаманы байқады ^j	14.6	15.8	13.5	17.7	10.0
Теледидардан темекі шегуге арналған жарнаманы байқады ^j	8.6	9.5	7.7	7.8	9.6
Интернетте және әлеуметтік желілерде темекі өнімдерінің жарнамасын байқады ^j	14.0	14.9	13.2	16.6	10.2
Темекі өнімдерінің немесе электронды темекілердің кез келген жарнамасын, демеушілігін немесе сатылымын ілгерілетуді байқады ^{j,k}	35.8	39.1	32.8	41.5	27.4
R: Темекі өнімдеріне салықты арттыру					
Бір айдағы темекіге жұмсалатын орташа шығындар (қазақстандық теңгемен) ^l	8897.4	9247.8	6941.5	8761.0	9164.9
Өндірістік темекінің бір қорабының орташа құны (қазақстандық теңгемен) ^l	428.0	426.2	441.9	431.6	421.4
Соңғы рет темекі дүкенде сатып алынды ^l	84.7	84.6	85.2	81.6	90.8

^a Қазіргі күнделікті темекі шегушілердің арасында. ^b Бір кездері күнделікті темекі шеккен 20-34 жас аралығындағы сұхбат берушілер арасында. ^c Соңғы 30 күн ішінде. ^d Соңғы 30 күнде осы жерге барғандардың арасында. ^e Өткен жылғы темекі шегушілер арасында (қазіргі темекі шегетіндерді және соңғы 12 айда темекіні тастағандарды қосқанда). ^f Соңғы 12 айда медицина қызметкеріне барғандардың арасында. ^g Қазіргі темекі шегетіндер арасында. ^h Темекілердің кез-келгенін байқады; шегілетін темекі бұйымдарының кез-келген жарнамасын; электронды сигарет немесе қыздырылған темекіден жасалған бұйымдардың кез-келген жарнамасын; кез-келген темекі немесе электронды темекінің спорттық немесе музыкалық/театрлық/көркемдік/сан-ис-шараларына демеушілігін; кез-келген темекі бұйымы немесе электронды сигарет сатылымын ілгерілетуді. Қазіргі өнеркәсіпте өндірілген темекі шегушілер арасында.

ҚЕ.2 кестесі MPOWER-дің жиынтық көрсеткіштері – GATS Қазақстан, 2014 және 2019 жж.

Көрсеткіш	2014	2019	Салыстырмалы өзгеріс
	Барлығы (%)	Барлығы (%)	Барлығы (%)
М: Темекі тұтынудың және оның алдын-алу саясатын бақылау			
Қазіргі темекі тұтынушылар (шегетін, түгінсіз және/немесе қыздырылатын темекіден жасалған бұйымдар)	22,9 (21,2, 24,7)	21,5 (20,5, 22,6)	-6,1
Қазіргі темекі шегетіндер	22,4 (20,7, 24,2)	20,4 (19,4, 21,5)	-8,9*
Қазіргі сигарет шегетіндер	22,2 (20,5, 24,0)	19,9 (18,9, 20,9)	-10,2*
Қазіргі өндірістік сигарет шегетіндер	22,2 (20,4, 24,0)	19,8 (18,8, 20,8)	-10,7*
Бір күнде шегілетін темекінің орташа саны ^а	14,9 (14,1, 15,8)	15,4 (14,9, 16,0)	3,4
Күнделікті темекі шегудің басталуының орташа жасы ^б	18,6 (18,2, 19,0)	19,8 (19,5, 20,1)	6,4*
Бір кездері күнделікті темекі шеккендер арасындағы бұрынғы темекі шегушілер	12,9 (10,9, 15,2)	21,7 (19,6, 23,9)	68,1*
Қазіргі электронды сигарет тұтынушылар	1,7 (1,2, 2,4)	1,3 (1,1, 1,6)	-22,2
Р: Адамдарды темекі түтінінен қорғау			
Үйдегі темекі түтінінің әсері, кем дегенде айына 1 рет	13,8 (12,0, 16,0)	9,1 (8,2, 10,0)	-34,4*
Жұмыс орнындағы темекі түтінінің әсері ^с	19,0 (16,0, 22,5)	11,4 (10,1, 12,8)	-40,2*
Қоғамдық орындардағы темекі түтінінің әсері: ^{с,д}			
Мемлекеттік ұйымдар/кеңселер	9,9 (7,7, 12,7)	4,9 (3,7, 6,5)	-50,5*
Денсаулық сақтау ұйымдары	9,7 (6,9, 13,5)	2,8 (2,1, 3,8)	-71,0*
Мейрамханалар	27,6 (23,1, 32,6)	24,3 (21,7, 27,2)	-11,9
Барлар немесе түнгі клубтар	70,4 (64,0, 76,0)	78,3 (73,6, 82,4)	11,3*
Кафе, кофехана немесе шайханалар	29,7 (25,2, 34,6)	21,6 (19,2, 24,2)	-27,3*
Қоғамдық көлік	18,1 (15,2, 21,4)	9,0 (7,9, 10,3)	-50,0*
О: Темекіні пайдаланудан бас тартуға көмек көрсету			
Соңғы 12 ай ішінде темекі шегуден бас тартуға әрекет жасады ^е	29,5 (26,3, 32,9)	32,1 (29,6, 34,7)	8,8
Медицина қызметкерінен темекіні тастау туралы кеңес алды ^{е, ф}	46,6 (40,2, 53,1)	36,0 (31,8, 40,4)	-22,8*
Темекіні тастаудың арнайы әдістері арқылы темекі тастауға тырысты: ^е			
Фармакотерапия	23,4 (18,0, 29,9)	14,0 (11,4, 17,1)	-40,2*
Кеңес/ұсыныс	10,2 (6,2, 16,4)	7,1 (5,1, 9,8)	-30,8
Болашақта темекі шегуден бас тартуға ниетті ^г	63,9 (59,9, 67,6)	56,7 (53,9, 59,5)	-11,1*
W: Темекімен байланысты қауіптер туралы ескерту			
Темекі шегу ауыр аурулар тудырады деп санайтындар	84,9 (82,8, 86,7)	87,6 (85,7, 89,2)	3,2*
Темекі шегу инсульт, инфаркт және өкпе қатерлі ісігін тудырады деп санайтындар	61,0 (58,2, 63,6)	71,2 (69,3, 73,1)	16,8*
Темекі түтінінің әсері темекі шекпейтіндерде ауыр ауруларды тудырады деп санайтындар	74,0 (71,0, 76,8)	70,0 (68,0, 72,0)	-5,4*
Темекі шегуге қарсы ақпаратты кез-келген жерден байқады ^{г,д}	49,5 (45,9, 53,2)	61,8 (59,1, 64,3)	24,7*
Темекі қораптарындағы ескертулерге байланысты темекі шегуді тоқтату туралы ойланды ^{г,д}	51,3 (47,5, 55,1)	34,4 (31,9, 37,0)	-32,9*
Е: Темекі тұтынуға арналған жарнамаға, сатуды ынталандыруға және демеушілікке салынған тыйымдардың сақталуын қамтамасыз ету			
Темекі сатылатын дүкендерде темекі өнімдерін шегуге арналған жарнаманы байқады ^г	14,0 (11,4, 17,1)	14,6 (13,2, 16,1)	4,0
Теледидардан темекі шегуге арналған жарнаманы байқады ^г	2,6 (1,9, 3,5)	8,6 (7,4, 9,9)	234,9*
Интернетте және әлеуметтік желілерде темекі өнімдерінің жарнамасын байқады ^г	7,0 (5,7, 8,7)	14,0 (12,7, 15,4)	99,1*
Темекі өнімдерінің немесе электронды темекілердің кез келген жарнамасын, демеушілігін немесе сатылымын ілгерілетуді байқады ^{г,д}	25,7 (22,5, 29,1)	35,8 (33,6, 38,0)	39,4*
Р: Темекі өнімдеріне салықты арттыру			
Бір айдағы темекіге жұмсалатын орташа шығындар (қазақстандық теңгемен) ^ж	6637,6 (5865,6, 7409,6)	8897,4 (8571,9, 9223,0)	34,0*
Өндірістік темекінің бір қорабының орташа құны (қазақстандық теңгемен) ^ж	346,3 (310,4, 382,2)	428,0 (423,6, 432,4)	23,6*
Соңғы рет темекі дүкенде сатып алынды	85,2 (81,9, 87,9)	84,7 (82,6, 86,6)	-0,6

Ескертулер: Таралудың бағалары / орташа және 95% СИ нәтижелері ондыққа дейін дөңгелектенеді (0,1). Салыстырмалы өзгерістер дөңгелектелмеген таралу бағаларын қолдана отырып есептеледі және осы кестеде кеңейтілген жабылымдық бағалауды қолданған кезде әр түрлі болуы мүмкін. * р<0,05.

^а Қазіргі күнделікті темекі шегушілердің арасында. ^б Бір кездері күнделікті темекі шеккен 20-34 жас аралығындағы сұхбат берушілер арасында. ^с Соңғы 30 күн ішінде. ^д Соңғы 30 күнде осы жерге барғандардың арасында. ^е Среда тек, кто курит табак в прошлом году (включая нынешних курильщиков и тех, кто бросил курить за последние 12 месяцев). ^ф Соңғы 12 айда медицина қызметкеріне барғандардың арасында. ^г Қазіргі темекі шегетіндер арасында. ^г 2019 жылы сауалнамаға 2014 жылы енгізілмеген екі қосымша санат кірді (интернет / әлеуметтік желі және темекі сатылатын дүкендер). 2014 жылы: Төмендегілердің кез келгенін байқады: темекі жарнамасы, спорттық іс-шараларға темекі демеушілігі; темекі сатылымын ілгерілету. 2019 жылы: Төмендегілердің кез келгенін байқады: шегілетін темекі бұйымдарының кез келген жарнамасы; электронды сигареттердің немесе қыздырылатын темекіден жасалған бұйымдардың кез келген жарнамасы; кез келген темекі бұйымдары немесе электрондық сигареттер тарапынан сан саласындағы спорттық немесе музыкалық / театрлық / көркемдік іс-шаралардың/ демеушілігі; кез келген темекі бұйымы немесе электронды сигареттер сатылымын ілгерілету. ^ж Қазіргі өнеркәсіпте өндірілген темекі шегушілер арасында. ^з Шығындар туралы GATS Қазақстан 2014 зерттеулерінің деректері Халықаралық валюта қорының «Әлемдік экономиканың даму перспективалары» деректер базасынан орташа тұтыну бағалары үшін инфляция индексі пайдалана отырып, 2019 жылмен тікелей салыстыру мақсатында түзетілді.

Библиография

1. GBD compare – Viz Hub. In: Institute for Health Metrics and Evaluation [website]. Seattle (WA): Institute for Health Metrics and Evaluation; 2017 (<https://vizhub.healthdata.org/gbd-compare/>).
2. Tobacco: key facts. In: World Health Organization [website]. Geneva: World Health Organization; 2019 (<https://www.who.int/news-room/fact-sheets/detail/tobacco>).
3. The tobacco body. In: World Health Organization [website]. Geneva: World Health Organization; 2019 (<https://www.who.int/publications-detail/tobacco-body>).
4. WHO report on the global tobacco epidemic, 2009. Implementing smoke-free environments. Geneva: World Health Organization; 2009 (<http://www.who.int/tobacco/mpower/2009/en/>).
5. Tobacco: overview. In: World Health Organization [website]. Geneva: World Health Organization; 2019 (<https://www.who.int/health-topics/tobacco>).
6. WHO Framework Convention on Tobacco Control. Geneva: World Health Organization; 2003 (https://www.who.int/fctc/text_download/en/#:~:text=The%20WHO%20Framework%20Convention%20on,the%20highest%20standard%20of%20health).
7. The Law of the Republic of Kazakhstan on Ratification of the WHO Framework Convention on Tobacco Control dated 25 November 2006. Bulletin of the Parliament of the Republic of Kazakhstan 2006;19–20: art. 124 (<http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z060000193>).
8. The code “Health of the People and Healthcare System” No. 193-IV. Kazakhstanskaya Pravda. 29 September 2009, 230–231:25974–5) (<http://adilet.zan.kz/rus/docs/K090000193>).
9. The Code of the Republic of Kazakhstan on Administrative Offenses dated 5 July 2014 No. 235-V. Kazakhstanskaya Pravda. 12 July 2014; 135:27756. (<http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000235#3239>).
10. The Law of the Republic of Kazakhstan “On Advertising” dated December 19, 2003, No. 508-II. Bulletin of the Parliament of the Republic of Kazakhstan 2003;24: art. 174 (<http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z030000508>).
11. The Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan dated April 4, 2007, No. 260 “On Establishment of Minimum retail Prices for Filtered, Non-filtered Cigarettes and Papirosy”. Kazakhstanskaya Pravda. 6 April 2007;51:25296. (<http://adilet.zan.kz/rus/docs/P070000260>).
12. The Code of the Republic of Kazakhstan dated December 25, 2017, No. 120-VI “On Taxes and Other Obligatory Payments to the Budget (Tax Code)” (as amended on 05/06/2020). Bulletin of the Parliament of the Republic of Kazakhstan 2020;9:32 (<http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2000000324>).
13. Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated January 15, 2016, No. 176 “On Approval of the State Health Development Program of the Republic of Kazakhstan “Densaulyk” for 2016–2019”. Collection of Acts of the President of the Republic of Kazakhstan and the Government of the Republic of Kazakhstan 2018:57–58:305 (<http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1800000634>).

14. Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 26, 2019, No. 982 "On Approval of the State Program for the Development of Health of the Republic of Kazakhstan for 2020–2025. *Kazakhstanskaya Pravda*. 16 January 2020;10:29137 (<http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000982>).
15. Ministry of Healthcare and Social Development of the Republic of Kazakhstan, World Health Organization, the Centers for Disease Control and Prevention, CDC Foundation. Global Adult Tobacco Survey (GATS). The Republic of Kazakhstan, 2014. Country report. Geneva: World Health Organization; 2014 (https://www.who.int/tobacco/surveillance/survey/gats/kaz_countryreport_en.pdf?ua=1).
16. Evidence brief. How large pictorial health warnings on the packaging of tobacco products affect knowledge and behaviour. Copenhagen: WHO Regional Office for Europe; 2014 (<https://www.euro.who.int/en/health-topics/disease-prevention/tobacco/publications/2015/evidence-brief-how-large-pictorial-health-warnings-on-the-packaging-of-tobacco-products-affect-knowledge-and-behaviour>).
17. Lee S, Ling PM, Glantz SA. The vector of the tobacco epidemic: tobacco industry practices in low- and middle-income countries. *Cancer Causes & Control*. 2012; 23 Suppl 1:117–29
18. Davis RM, Gilpin EA, Loken B, Viswanath K, A WM. The role of the media in promoting and reducing tobacco use. Bethesda, MD: U.S. Department of Health and Human Services, National Institutes of Health, National Cancer Institute; 2008 (https://cancercontrol.cancer.gov/sites/default/files/2020-06/m19_complete_0.pdf)
19. Lovato C, Watts A, Stead LF. Impact of tobacco advertising and promotion on increasing adolescent smoking behaviours. *Cochrane Database Syst Rev*. 2011(10): Cd003439. doi:10.1002/14651858.CD003439.
20. Samet JM, Yoon S-Y. Gender, women, and the tobacco epidemic. Geneva: World Health Organization; 2010 (https://www.who.int/tobacco/publications/gender/women_tob_epidemic/en/).
21. The economics of tobacco and tobacco control. Bethesda, MD: U.S. Department of Health and Human Services, National Institutes of Health; and Geneva, Switzerland: World Health Organization; 2017 (<https://www.who.int/tobacco/publications/economics/nci-monograph-series-21/en/>).

The image features a stylized map of Kazakhstan in a light blue color, set against a background of a darker blue gradient. The map is composed of several overlapping, semi-transparent layers, creating a sense of depth and movement. A white horizontal bar is positioned across the middle of the map, containing the text "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ 2019". The overall design is modern and clean, with a focus on geometric shapes and color gradients.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ 2019